

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 9-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 554 -қосымша

**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0 - 4 сыныптары үшін «Математика»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – білім алушыларда әлеуметтік бейімделуіне және дербес еңбек қызметіне дайындалуына ықпал ететін математикалық білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушыларда тұрмыстық жағдайларда дербес болуға, шаруашылық-еңбек қызметін және қолжетімді мамандықты меңгеруге мүмкіндік беретін математикалық білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру;

2) білім алушыларда жағымды эмоционалдық-ерік және жеке қасиеттерді қалыптастыру;

3) оқушылардың тілін дамыту, оны арнайы математикалық терминдермен және ұғымдармен байыту;

4) есептерді шешу, геометриялық сызбаларды құрастыру туралы толық ауызша есеп беруге, өз қызметіне түсінік беруге үйрету.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сабақтарға деген қызығушылықты, басқа білім алушылар мен ересектер арасындағы өзара байланыс жасай білуді дамыту;

2) білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің кемшіліктерін барынша өтеуге ықпал ету;

3) білім алушылардың көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелі ойлауын, ойлау операцияларын (талдау, салыстыру, жалпылау, жіктеу) дамыту;

4) дербестікті, ұқыптылықты, жауапкершілікті дамыту.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. «Математика» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы білім беру қағидаларына негізделіп, білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға негізделеді.

6. Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты оқу іс-әрекетінің арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі, ескеріледі: ойлау процестерінің инерттілігі, танымдық белсенділігінің төмендігі, жалпылама және абстракты ойлау функциясының әлсіздігі, сөйлеу дамуының кешеуілдеулігі.

7. Білім алушылармен жұмыс барысында олардың еліктеушілігіне, көрнекі-әрекеттік ойлаудың сақталған мүмкіндіктеріне сүйенеді.

8. Математиканы оқыту білім алушылардың қабылдау, есте сақтау, сөйлеу тілі, ойлау сияқты психикалық функцияларын дамытып, бастаған жұмысты аяғына дейін жеткізу, қиындықтарды жеңу, ұқыптылық пен дербестікті көрсету біліктілігін қалыптастырады.

9. Оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін жоюды немесе азайтуды көздейді:

- 1) мінез-құлық нормаларын, өмірлік дағдыларды қалыптастыру;
- 2) қарапайым қарым-қатынастық және тұрмыстық дағдыларын дамыту;
- 3) әлеуметтік дағдыларды, көзқарастарды, пікірлерді қалыптастыру.

10. Іс-әрекеттік тұғыры сабақта педагогтың жетекшілігімен орындалатын оқушылардың заттық-тәжірибелік әрекетін көздейді:

- 1) оқу материалын түсіну үшін жағдай жасау;
- 2) математикалық қатынастардың, арифметикалық амалдардың мәнін нақтылау;

3) жоғары психикалық функциялардың (қабылдау, сөйлеу, ойлау) сенсомоторлы негізін дамытуға ықпал ету;

- 4) білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігін өтеу.

11. Жеке және саралап оқыту тәсілі қағидасы оқу материалын меңгеру кезінде байқалатын білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады және олардың білім, білік, дағдылардың меңгеруінің сапасына әсер етеді.

12. Саралап оқыту барысында мұғалім білім алушылардың түрлі типологиялық топтары үшін оқу материалының әр түрлі көлемі мен күрделілігін, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестік дәрежесін, көрнекі-дидактикалық материалдардың түрлерін қолданады.

13. Педагог білім алушылардың танымдық әрекетін басқара отырып, талдау, жинақтау, салыстыру және жалпылау жасауға, қажетті қорытындылар мен ой-пікірлер білдіруге, білім алушыларды өздерінің тәжірибелік іс-әрекеттері туралы айтып беруіне ықпал етеді.

14. Абстракттілі математикалық ұғымдарды қалыптастыру кезінде мұғалім көрнекі материалдарға сүйенеді:

- 1) бастапқы кезеңде шынайы көрнекіліктерді пайдаланады;
- 2) келесі кезеңдерде иллюстрациялық материалдар ұсынады;
- 3) әрі қарай шартты көрнекілікті пайдаланады: санау таяқшалары, абактар, есепшоттар;
- 4) соңғы кезеңде сызба түріндегі көрнекіліктерді (сызбалар, суреттер, кестелер) және сандар мен таңбаларды пайдалана отырып математикалық жазбаларды ұсынады.

15. Әр математика сабағында қайталауға уақыт беріледі:

- 1) әр сабақта қайталау материалын педагог дербес анықтайды;
- 2) қайталау материалы жаңа тақырыпқа құрама бөлігі ретінде кіреді.

16. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалаумен жүзеге асады.

17. Деңгейлік мақсаттарға сәйкес әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар бағалаудың құралы болып есептеледі.

18. Оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру нәтижелерін тікелей мұғалім бағалайды, жүйелі түрде бақылау-бағалау әрекеттерін жүзеге асырады.

19. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (сабақ бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

20. Ағымдық бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі; педагог сабақта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін талдауды пайдаланады.

21. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр типологиялық топтағы білім алушылардың оқу материалын меңгерудегі түрлі мүмкіндіктері ескеріле отырып, тақырыптың, тараудың аяғында жүргізіледі.

22. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатында тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына енгізіледі.

3 - тарау. «Математика» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

23. «Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0 - сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 96 сағатты;
- 2) 1 - сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 165 сағатты;
- 3) 2 - сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 4) 3 - сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 5) 4 - сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды.

24. Бағдарлама мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Санға дейінгі ұғымдар» бөлімі (0, 1 сыныптар);

- 2) «Нөмірлеу» бөлімі (1, 2, 3, 4 сыныптар);
 - 3) «Арифметикалық амалдар» бөлімі (1, 2, 3, 4 сыныптар);
 - 4) «Арифметикалық есептер» бөлімі (1, 2, 3, 4 сыныптар);
 - 5) «Шамалар» бөлімі (1, 2, 3, 4 сыныптар);
 - 6) «Көрнекі геометрия элементтері» бөлімі (1, 2, 3, 4 сыныптар);
 - 7) «Бөлшектер» бөлімі (4 сынып).
25. «Санға дейінгі ұғымдар» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:
- 1) заттардың қасиеті;
 - 2) шаманы білдіретін ұғымдар;
 - 3) заттардың ауырлығын білдіретін ұғымдар;
 - 4) сандық ұғымдар;
 - 5) кеңістіктік ұғымдар;
 - 6) реттілікті сақтау қатынасы;
 - 7) уақытты білдіретін ұғымдар;
 - 8) заттың пішінін білдіретін ұғымдар.
26. «Нөмірлеу» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:
- 1) нөмірлеу.
27. «Арифметикалық амалдар» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:
- 1) арифметикалық амалдар.
28. «Арифметикалық есептер» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:
- 1) арифметикалық есептер.
29. «Шамалар» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:
- 1) шамалар.
30. «Көрнекі геометрия элементтері» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:
- 1) көрнекі геометрия элементтері.
31. «Бөлшектер» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:
- 1) бөлшектер.
32. 0 -сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:
- 1) заттардың қасиеті: үлгідегі сияқты (түсі, пішіні, мақсатына қарай) қасиеттерге ие заттарды топтан бөліп алу;
 - 2) шаманы білдіретін ұғымдар: ұзын-қысқа (ұзынырақ-қысқарақ, ұзындығы бірдей), кең-тар (кеңдеу-тарлау, кеңдігі бірдей), жоғары-төмен (жоғарырақ-төменірек, биіктігі бірдей), жуан-жіңішке (жуанырақ-жіңішкерек, қалыңдығы бірдей), терең-таяз (тереңдау-таяздау, тереңдігі бірдей), үлкен-кіші (үлкенірек-кішірек, өлшемі бірдей). Екі затты шамасына қарай салыстыру жолдары: қолдану, қосымша, көру ара қатынасы; белгілі бір шаманың қасиеті бойынша бірнеше заттарды топтау (жіктеу) және реттеу (серияға бөлу). Қандай да бір өлшем бойынша бір заттың екіншісінен айырмашылығы бар екенін анықтау (көрсету). Шаманың белгісі бойынша объектілерді теңестіру. Сөздер: барлығы, әрбір, қалғандары, қалғаны, басқалары, бірдей;
 - 3) заттардың ауырлығын білдіретін ұғымдар: ауыр-жеңіл (ауырлау-жеңілдеу, салмағы бірдей). Екі затты салмағы бойынша қолмен немесе кесе таразының көмегімен салыстыру. Заттарды олардың салмағы бойынша

топтастыру және реттеу;

4) сандық ұғымдар: қанша? Көп, аз, біреу, шамалы, бірнеше, бірде-бір, соншалықты (соншалықты қанша), тең, бірдей. Заттардың екі тобы элементтерінің өзара бір мәнді сәйкестігін анықтау (тепе-теңдік). Сөздер: «артық, жетіспейді», «көп-аз, бос». Жиындарды теңеудің екі әдісі. Сұйық және сусымалы заттардың мөлшерін салыстыру; заттардың саны мен сұйықтықтың, сусымалы заттардың мөлшерінің өзгеруі (ұлғаюы, азаюы) әр түрлі практикалық әрекеттердің көмегімен: (себу, құю, қосу, кесу. Қосу мен азайтудың нақты мағынасын ашатын сөздерді түсіну және пайдалану: «қосу, алып тастау, құю, төгу, сыйға тарту», сондай-ақ «болған, болады, қалды, бірге, барлығы қалды»;

5) кеңістіктік ұғымдар: өз денесінің бөліктерін бағдарлай алу: жоғарғы жағында-бас, мойын, кеуде; төменгі жағында-аяғы; алдыңғы жағында-бет, кеуде, іш; оң - сол жақ қол, аяғы, көзі, құлағы, беті. Білім алушының өзіне қатысты жақын ортада бағдарлау: жоғары – төменгі, алдыңғы-артқы, алыс -жақын, оң-сол, жанында, мұнда, алдында, артында; білім алушының берілген бағытта қозғалысы. Қозғалыс бағытын анықтау: алға, артқа, жоғары, төмен, оңға, солға, жағына; бір-біріне қатысты екі, үш заттың орналасқан жерін анықтау: жоғары – төмен, қатарында, жанында, ішінде, артында, алдында, үстінде, астында, қарама-қарсы, арасында, ортасында;

6) реттілікті сақтау қатынасы: шеті, бірінші, соңғы, алдында, кейін, келесі, одан кейін, алдыңғы, арасындағы. Заттарды ретімен қою;

7) уақыттық ұғымдар: тәуліктің түрлері: таң, күн, кеш, түн. Бүгін, кеше, ертең, алдымен, содан кейін;

8) заттың нысаны туралы түсінік: текше, шар, шеңбер, шаршы, үшбұрыш.

33. 1- сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) берілген үлгідегі (түсі, пішіні, мақсатына қарай) сияқты қасиеттерге ие заттарды топтан бөліп алу; шаманы білдіретін ұғымдар: екі затты шамасына қарай салыстыру жолдары: қолдану, қосымша, көру ара қатынасы; белгілі бір шаманың қасиеті бойынша бірнеше заттарды топтау (жіктеу) және реттеу (серияға бөлу). Қандай да бір өлшем бойынша бір заттың екіншісінен айырмашылығы бар екенін анықтау (көрсету). Шаманың белгісі бойынша объектілерді теңестіру. Сөздер: барлығы, әрбір, қалғандары, қалғаны, басқалары, бірдей. Заттардың ауырлығын білдіретін ұғымдар: ауыр-жеңіл (ауырлау-жеңілдеу, бірдей салмақ). Екі затты салмағы бойынша қолмен немесе кесе таразының көмегімен салыстыру. Заттарды олардың салмағы бойынша топтастыру және реттеу. Сандық ұғымдар: заттардың екі тобының элементтері өзара бір-бірімен сәйкестігін анықтау (жұптап сәйкестендіру). Сөздер: «артық, жетіспейді, көбірек-азырақ, бос». Жиындарды теңестірудің екі жолы. Сұйық және сусымалы заттардың мөлшерін салыстыру; әр түрлі тәжірибелік іс-әрекеттер арқылы заттардың саны мен сұйықтықтың, сусымалы заттардың (көбеюі, азаю) мөлшерінің өзгеруі. Қосу мен азайтудың нақты мазмұнын ашатын сөздерді түсіну және қолдану. Кеңістіктік ұғымдар: өз денесінің бөліктерін бағдарлай алу. Білім алушының өзіне қатысты жақын ортада бағдарлай алу; білім

алушының өзіне қатысты жақын ортада бағдарлай алу. Қозғалыс бағытын анықтау: алға, артқа, жоғары, төмен, оңға, солға, шеткі жаққа; бір-біріне қатысты екі, үш заттың орналасқан жерін анықтау; қағаз парағының жазықтығын бағдарлау. Жол тәртібі қарым-қатынасы: шеті, бірінші, соңы, алды, арты, кейін, артынан, келесі, алдыңғы, арасында. Заттарды ретімен қою. Уақытша ұғымдар. Пәннің нысаны туралы түсінік;

2) нөмірлеу: заттық-көрнекілік іс-әрекетте +1, -1 жолдармен 1, 2, 3, 4, 5 сандардың жасалуы; тура және кері санау реттілігі; сандық және реттік сандар; 1, 2, 3, 4, 5 сандары; сандар, заттардың саны, сандардың арақатынасы; 1-5 арасындағы сандардың әрқайсысының реттілік орны; заттардың топтарын жұптап сәйкестендіру, қайта есептеу әдістерімен салыстыру; басқа екі кіші саннан 2, 3, 4, 5 сандардың құрамы (пәндік-практикалық қызметте, ішінара көрнекілікті пайдалана отырып, сандар туралы түсінік деңгейінде);

3) арифметикалық амалдар: 5 саны шегінде қосу және азайту; қосудың және азайтудың нақты мағынасы (екі жиынды біріктірудің және жиын бөлігін алып тастаудың пәндік әрекеттері); белгілер: «+» (қосу), «-» (азайту), «=» (тең); нақты материалдың негізінде 5 саны шегінде қосу және азайту (қайта есептеу тәсілі), ішінара көрнекілікті (1 санын қосу және азайту тәсілдері арқылы санау) пайдалана отырып, есептеу дағдыларының көмегімен (1 санын қосу және азайту тәсілдері арқылы санау және санның құрамын білуге негізделіп, қабылдау); мұғалімнің айқан арифметикалық амалдардың нәтижесін және компоненттерді атау;

4) арифметикалық есептер: ашық және жабық шешімі бар сома мен қалдықты табуға арналған драматизациялы есептер, иллюстрациялы есептер;

5) шамалар: құны: 1 тг., 2 тг., 5 тг. тиындар;

б) көрнекі геометрия элементтері: текше, шар, брус, шаршы, шеңбер, үшбұрыш, тікбұрыш, сопақша; сызықтар - түзу, қисық, нүкте.

34. 2-сыныпқа арналған «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) нөмірлеу: заттық-көрнекілік іс-әрекетте +1, -1 жолдармен 6 мен 10 аралығындағы сандардың жасалуы; 0 саны. 0, 6, 7, 8, 9 сандары. 10 санын екі сан арқылы жазу; санды, санауды сәйкестендіру; сан қатарында сандардың реттілігі, сандарды салыстыру, 6-10 сандарының құрамы; салыстыру белгілері, сандар мен цифрлар;

2) арифметикалық амалдар: 10 саны шегінде қосу және азайту; нақты материалдың негізінде 5 саны шегінде қосу және азайту (қайта есептеу тәсілі), ішінара көрнекілікті (1 санын қосу және азайту тәсілдері арқылы санау) пайдалана отырып, есептеу дағдыларының көмегімен (1 санын қосу және азайту тәсілдері арқылы санау және санның құрамын білуге негізделіп, қабылдау); мұғалімнің айқан арифметикалық амалдардың нәтижесін және компоненттерді атау;

3) арифметикалық есептер: ашық және жабық шешімі бар сома мен қалдықты табуға арналған драматизациялы есептер, иллюстрациялы есептер; сома мен қалдықты табуға мәтіндік арифметикалық есептер; тапсырманың

құрылымдық компоненттері: шарт, сұрақ, сан, шешім, жауап;

4) шамалар: құны: 10 тг. тиындар, тиындарды ауыстыру мен майдалау; ұзындық өлшемі - сантиметр, дециметр; белгіленуі: см, дм; сәйкестендіруі: 1 дм = 10 см; уақыт өлшемі: апта; аптадағы күндер атаулары мен саны;

5) Көрнекі геометрия элементтері: дөңгелек, шаршы, сопақ, тікбұрыш, үшбұрыш, тік сызық, сәуле, бөлшек.

35. 3-сыныпқа арналған «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) нөмірлеу: жаңа разрядты бірлік ретінде ондықтың құрылуы; ондық пен 10 бірлікті салыстыру және саралау; 11-19 сандардың үш тәсілмен жасалуы: +1,-1, бір ондыққа бірнеше бірліктерді қосу; 20 санының жасалуы; сандарды жазу және оқу; «сан» және «цифр» ұғымдарының саралануы, бір мәнді және екі мәнді сандар; әр санның ондық құрамы; бірліктер және ондықтар, олардың санды жазудағы орны; сан қатарындағы сандардың реттілігі; сан қатарының негізгі қасиеті; сандарды салыстыру; бірінші және екінші ондықтар сандарын салыстыру;

2) арифметикалық амалдар: 20 сан шамасындағы сандарды қосу және азайту: ондықтан өтпей қосу және азайту; ондықтан өтіп қосу және азайту; жақшалары бар мысалдардағы іс-әрекет тәртібі; қосудың орнын басу қасиеті; санның бірнеше бірлікке көбеюі және азаюы. 20 сан шегінде көбейту және азайту кестесі: бірдей қосындыларды қосудағы көбейту туралы түсінік; бірдей қосындыларды көбейтумен және керісінше ауыстыру; тең бөліктерге бөлінумен тәжірибеде танысу (2, 3, 4, 5); 2 санын көбейту кестесі; 2-ге бөлу кестесі; 20 шегінде 3,4,5 сандарды көбейту кестесі, 20 шамасындағы 3, 4, 5 сандарын тең бөліктерге бөлу кестесі; мұғалімнің сөздерінде көбейту және бөлу компоненттерінің атаулары; 20 шамасындағы сандарға екі амалмен мысалдар келтіру; көбейту және бөлу кестелерін сәйкестендіру; көбейтуді және бөлуді өзара кері әрекеттер ретінде салыстыру;

3) арифметикалық есептер: соманы, қалдықты табуға, санды бірнеше бірлікке көбейту мен азайтуға қарапайым мәтіндік арифметикалық есептер; туындыны табуға және тең бөліктерге бөлуге қарапайым мәтіндік арифметикалық есептер; шамалардың арасындағы тәуелділік негізінде құнды есептеу: бағасы, саны, құны;

4) шамалар: құны: 10 тг. тиындар, тиындарды ауыстыру мен майдалау; ұзындық өлшемі - сантиметр, дециметр; белгіленуі: см, дм; сәйкестендіруі: 1 дм = 10 см; уақыт өлшемі: – сағат; белгіленуі: сағ.; 1 сағатқа дейінгі дәлдікпен уақытты анықтау; уақыт бірліктері: ай, жыл; күнтізбе; айлардың атаулары, олардың дәйектілігі, әр айдың реттік нөмірі; бір жылдағы айлардың саны; 1 ж. арақатынасы = 12 айға; сыйымдылық өлшемі – литр; белгіленуі: л.

5) көрнекі геометрия элементтері: түзу, қисық, кесінделген сызық; кесіндінің ұзындығын өлшеу; кесінділерді салыстыру; кесіндіні берілгеннен көбірек (азырақ) сызып салу; бұрыш; жоғарғы, бұрыш жағы; бұрыштардың түрлері: түзу, тұйық, үшкір; сызғыштың көмегімен берілген геометриялық пішіндерді – үшбұрыш, квадрат, тіктөртбұрыш салу.

36. 4-сыныпқа арналған «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) нөмірлеу: 21-100 сандары; дөңгелектеген ондықтардың құрылуы және жазылуы; сандардың қатарындағы дөңгелектелген ондықтың реттілігі; дөңгелектелген ондықтарды салыстыру; бірінші ондықтың және дөңгелектелген ондықтың сандарын салыстыру; 21-ден 99-ға дейінгі толық сандардың құрылуы үш тәсілмен: бірнеше ондыққа бірнеше бірліктерді қосу, алдыңғы санға 1 қосу, тікелей деректерден кейінгі саннан 1 шегеру; 21-ден 99-ға дейінгі әр санның жазбаша түрі, сандағы санның орындық мәні; сан разрядтары: бірліктер, ондықтар; олардың разрядтық қатардағы орны; 21-100 сандардың ондық құрамы; сандық қатардағы сандар тізбегі; сандық қатардың негізгі қасиеті; толық сандарды салыстыру; сан мен сандар; бір мәнді және екі мәнді сандар; жұп және тақ сандар;

2) арифметикалық амалдар: ауызша есептеу тәсілімен ондықтан асырмай 100 шамасындағы сандарды қосу және азайту (есептеуді жоғарғы разрядтан бастау); әрекетті мысал ретінде жақшаға ретімен жазып қою; ондықтан өтіп 20 шамасындағы санды қосу және азайтуды қайталау; бір және екі таңбалы сандарды разрядқа өту арқылы жазбаша түрде қосу және азайту; қосу және азайту - өзара кері әрекеттер қолдану; белгісіз қосындыларды, азайтатын, шегерілетіндерді табу; белгісіз x әріптермен белгілеу; қосуды азайту арқылы және керісінше амалдармен тексеру; қосудың орнын ауыстыру арқылы тәжірибеде қолдану; 100 шамасындағы сандарды көбейту және бөлу кестесі: 2, 3, 4, 5 сандар үшін 20 шамасындағы сандарды көбейту және бөлу кестесін қайталау; 3, 4, 5, 6 сандарын көбейту және 3, 4, 5, 6 тең бөліктерге бөлу кестесі; көбейту орнын ауыстыру қасиеті; көбейту мен бөлуде кері әрекет арқылы есептеу; 1 және 2 сатыдағы әрекеті, оларды күрделі мысалдарда жақшасыз орындау тәртібі; заттық-тәжірибелік қызметтегі мазмұны бойынша бөлу; санның бірнеше есе ұлғаюы және азаюы; 7, 8, 9 сандарды көбейту және 7, 8, 9 тең бөліктерге бөлу кестесі; қалдықпен бөлу; 10-ды 10 санына көбейту, 10-ды 10 санына бөлу;

3) арифметикалық есептер: соманы, қалдықты табуға, санды бірнеше бірлікке көбейту мен азайту, белгісіз қосындыларды, азайтындыларды, шегеруді табуға арналған қарапайым мәтіндік есептер; санның бірнеше бірлікке көбеюі (азаюы) және санның бірнеше есеге көбеюі (азаюы) есептерін салыстыру; шамалар арасындағы сәйкестілік: баға, саны, құны; 2 әрекетті орындауды талап ететін құрамдас мәтіндік арифметикалық есептер; қарапайым есептің шешімін жауабымен жазу, құрама есепті жазу – әр бір әрекетті түсіндіру немесе сұрақ қою арқылы толық жауап беру; есептің нәтижесіндегі сандар міндетті түрде жазылады;

4) шамалар: құнның өлшем бірлігі: теңге мен тиын; белгіленуі; теңге – тг., тиын – тн.; сәйкестендірілуі $1 \text{ тг.} = 100 \text{ тн.}$ Тиын: 50 тг., 100 тг., оларды ауыстыру мен майдалау; ұзындық өлшем бірлігі: миллиметр, сантиметр, дециметр, метр; белгіленуі: м; сәйкестендірілуі: $1 \text{ см} = 10 \text{ мм}$, $1 \text{ дм} = 10 \text{ см}$, $1 \text{ м} = 10 \text{ дм}$, $1 \text{ м} = 100 \text{ см}$; уақыт өлшем бірлігі: жыл, ай, апта, тәулік, сағат, минут, секунд; белгіленуі

мен сәйкестендірілуі: 1 апт. 7 тәул., 1 ай = 28, 29, 30, 31 тәул., 1 тәул.= 24 сағ., 1 сағ. =60 мин, жарты сағат – 30 мин, 1 мин =60 с.; салмақ өлшем бірлігі: килограмм, центнер; белгіленуі: кг, ц; сәйкестендірілуі: 1 ц = 100 кг; таразы, гир, олардың тағайындалуы; шаманы өлшеу барысында алынған сандардың жасалуытүрлендіруді талап етпейтін және талап ететін шамаларды өлшеу кезінде алынған сандарды қосу және азайту;

5) көрнекі геометрия элементтері: шеңберленуі, шеңбер, доға; бұрыш; төбесі, бұрыштың жақтары; бұрыштардың түрлері: түзу, тұйық, үшкір; тұйық, тұйықталмаған сынған сызық; тұйық сызық-көпбұрыштың шекарасы; бөлшектелген сызықтың ұзындығын есептеу; шаршы, тіктөртбұрыш; пішіндердің элементтері: шыңы, бұрыштар, жақтары (негіздері: жоғарғы, төменгі; бүйір жақтары); тікбұрыш пен квадрат жақтары мен бұрыштарының қасиеттері; .үшбұрыш: негізі, бүйір жақтары; көпбұрыштар; шыңдар, жақтары, бұрыштары; түзу сызықтың, кесіндінің, шеңбердің, жазықтықтағы көпбұрыштың өзара орналасуы; қиылысу нүктелері; геометриялық пішіндерді белгілеу үшін латын әліпбиінің кейбір әріптерін пайдалану;

6) бөлшектер: тұтас объектінің екінші, үшінші, төртінші, бесінші, оныншы үлестерін, оның ішінде сұйық және сусымалы заттарды алу; тұтас объектінің үлестерін тану және атау, үлестерді салыстыру, үлестердің бүтін бөлігін құру, тұтастай объектідегі екінші, үшінші, төртінші, бесінші, оныншы үлестердің санын анықтау.

37. Бағдарламадағы оқу материалының орналасуы үлгілік болып табылады, білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып мұғалім бағдарламалық материалды өз бетінше үйлестіре алады (тоқсаннан тоқсанға, сыныптан сыныпқа). Мұғалім әр тақырыпты оқыту үшін қажетті сағат санын дербес анықтай алады.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

38. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын және білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

39. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімше ретін, төртінші сан - оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді Мысалы, 1.1.3.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.3» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

40. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Санға дейінгі ұғым» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
------------	------------------

	0 - сынып	1 - сынып
1.1 Заттардың қасиеттері	0.1.1.1 заттардың тобынан қасиеттері бірдей (түсіне, көлеміне, түріне қарай) заттардың суретіндегі бір немесе бірнешеуін анықтау	1.1.1.1 заттардың тобынан үлгіде көрсетілгендей қасиеттері бірдей (түсіне, көлеміне, түріне қарай) заттардың суретіндегі бір немесе бірнешеуін анықтау
1.2 Шаманы білдіретін ұғым: үлкен – кішкентай	0.1.2.1 екі салыстырылатын үлкен-кішкентай затты тану және көрсету; 0.1.2.2 жазық заттарды шамасына қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу (көлемді заттарды салыстырғанда қою) тәсілдерін пайдалану; 0.1.2.3 көлемі бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (үлкен – кішкентай); 0.1.2.4 көлемнің қасиетіне қарай заттарды топқа бөлу (жіктеу) (үлкен-кіші); 0.1.2.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың көлемін есепке алу; 0.1.2.6 заттарды көлемі бойынша (3-5) саралау (реттеу)	1.1.2.1 екі салыстырылатын үлкен-кішкентай затты тану және көрсету; 1.1.2.2 жазық заттарды шамасына қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу (көлемді заттарды салыстырғанда қою) тәсілдерін пайдалану; 1.1.2.3 көлемі бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (үлкен – кішкентай); 1.1.2.4 көлемнің қасиетіне қарай заттарды топқа бөлу (жіктеу) (үлкен-кіші); 1.1.2.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың көлемін есепке алу; 1.1.2.6 заттарды көлемі бойынша (3-5) саралау (реттеу)
1.3 Шаманы білдіретін ұғым: ұзын-қысқа	0.1.3.1 салыстырылып отырған екі ұзын (қысқа) затты танып білу және көрсету; 0.1.3.2 заттарды ұзындығына қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу және қатар қою тәсілдерін	1.1.3.1 салыстырылып отырған екі ұзын (қысқа) затты танып білу және көрсету; 1.1.3.2 заттарды ұзындығына қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу және қатар қою тәсілдерін пайдалану 1.1.3.3 ұзындығы бойынша

	<p>пайдалану; 0.1.3.3 ұзындығы бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (ұзын-қысқа, ұзынырақ- қысқарак); 0.1.3.4 заттарды ұзындық белгілері (ұзын, қысқа) бойынша топтарға бөлу (жіктеу); 0.1.3.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың ұзындығын есепке алу; 0.1.3.1. 6(3-5) заттарды ұзындығы бойынша саралау (реттеу); 0.1.3.7 ұзындығына қарай салыстыру, бір зат екіншісінен қаншалықты ұзын (қысқа) екендігін көрсету; 0.1.3.8 заттарды ұзындығына қарай салыстырғаннан кейін оларды теңестіру</p>	<p>салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (ұзын-қысқа, ұзынырақ- қысқарак); 1.1.3.4 заттарды ұзындық белгілері (ұзын, қысқа) бойынша топтарға бөлу (жіктеу); 1.1.3.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың ұзындығын есепке алу; 1.1.3.6 (3-5) заттарды ұзындығы бойынша саралау (реттеу); 1.1.3.7 ұзындығына қарай салыстыру, бір зат екіншісінен қаншалықты ұзын (қысқа) екендігін көрсету; 1.1.3.8 заттарды ұзындығына қарай салыстырғаннан кейін оларды теңестіру</p>
<p>1.4 Шаманы білдіретін ұғым: кең – тар</p>	<p>0.1.4.1 салыстырылып отырған екі кең (тар) затты танып білу және көрсету; 0.1.4.2 заттарды еніне қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу және қатар қою тәсілдерін пайдалану; 0.1.4.3 ені бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (кең-тар, кеңірек - тарлау); 0.1.4.4 заттарды еніне қарай (кең-тар) топтарға бөлу (жіктеу); 0.1.4.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың енін есепке алу;</p>	<p>1.1.4.1 салыстырылып отырған екі кең (тар) затты танып білу және көрсету; 1.1.4.2 заттарды еніне қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу және қатар қою тәсілдерін пайдалану; 1.1.4.3 ені бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (кең-тар, кеңірек - тарлау); 1.1.4.4 заттарды еніне қарай (кең-тар) топтарға бөлу (жіктеу); 1.1.4.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың енін есепке алу;</p>

	0.1.4.6 (3-5) заттарды ені бойынша саралау (реттеу); 0.1.4.7 2-3 заттың әр қайсысының қасиеттерін екі өлшем бойынша салыстырғанда тану, көрсету және атау: ені мен ұзындығы (кең және ұзын, кең және тар, ұзын және тар, қысқа және тар)	1.1.4.6 (3-5) заттарды ені бойынша саралау (реттеу); 1.1.4.7 2-3 заттың әр қайсысының қасиеттерін екі өлшем бойынша салыстырғанда тану, көрсету және атау: ені мен ұзындығы (кең және ұзын, кең және тар, ұзын және тар, қысқа және тар)
1.5 Шаманы білдіретін ұғым: ұзын - қысқа	0.1.5.1 салыстырылып отырған екі биік (төмен) тұрған затты танып білу және көрсету; 0.1.5.2 заттарды еніне қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша салыстыру және сәйкестендіру тәсілдерін пайдалану; 0.1.5.3 биіктігі бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (биік-төмен, биігірек-төменірек); 0.1.5.4 заттарды биіктігіне қарай (биік-қысқа) топтарға бөлу (жіктеу); 0.1.5.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың биіктігін есепке алу; 0.1.5.6 заттарды биіктігі бойынша саралау (реттеу); 0.1.5.7 биіктігіне қарай салыстыру, бір зат екіншісінен қаншалықты биік (төмен) екендігін көрсету	1.1.5.1 салыстырылып отырған екі биік (төмен) тұрған затты танып білу және көрсету; 1.1.5.2 заттарды еніне қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша салыстыру және сәйкестендіру тәсілдерін пайдалану; 1.1.5.3 биіктігі бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (биік-төмен, биігірек-төменірек); 1.1.5.4 заттарды биіктігіне қарай (биік-қысқа) топтарға бөлу (жіктеу); 1.1.5.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың биіктігін есепке алу; 1.1.5.6 заттарды биіктігі бойынша саралау (реттеу); 1.1.5.7 биіктігіне қарай салыстыру, бір зат екіншісінен қаншалықты биік (төмен) екендігін көрсету
1.6 Шаманы білдіретін ұғым: жуан-жіңішке	0.1.6.1 салыстырылып отырған екі жуан (жіңішке) затты танып білу және көрсету; 0.1.6.2 заттарды еніне қарай салыстырғанда мұғалімнің	1.1.6.1 салыстырылып отырған екі жуан (жіңішке) затты танып, білу және көрсету; 1.1.6.2 заттарды еніне қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі

	<p>көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша, өздігінен қолданба тәсілдерін пайдалану;</p> <p>0.1.6.3 қалыңдығы бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (жуан-жіңішке, жуанырақ - жіңішкерек);</p> <p>0.1.6.4 заттарды қалыңдығына қарай (жуан-жіңішке) топтарға бөлу (жіктеу);</p> <p>0.1.6.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың қалыңдығын есепке алу;</p> <p>0.1.6.6 заттарды қалыңдығы бойынша саралау (реттеу);</p> <p>0.1.6.7 суретте бейнеленген 2-3 заттың әрбірінің қасиеттерін тану, көрсету және атау, оларды екі шаманың белгісі бойынша: биіктігі мен қалыңдығы (жоғары және жуан, жоғары және жіңішке, төмен және қалың, төмен және жіңішке)</p>	<p>бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша, өздігінен қолданба тәсілдерін пайдалану;</p> <p>1.1.6.3 қалыңдығы бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (жуан-жіңішке, жуанырақ - жіңішкерек);</p> <p>1.1.6.4 заттарды қалыңдығына қарай (жуан-жіңішке) топтарға бөлу (жіктеу);</p> <p>1.1.6.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде заттардың қалыңдығын есепке алу;</p> <p>1.1.6.6 заттарды қалыңдығы бойынша саралау (реттеу);</p>
<p>1.7 Шаманы білдіретін ұғым: терең-таяз</p>	<p>0.1.7.1 салыстырылып отырған екі терең (таяз) затты танып білу және көрсету;</p> <p>0.1.7.2 заттарды тереңдігіне қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша, өздігінен шартты шараны пайдалану;</p> <p>0.1.7.3 тереңдігі бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (терең-таяз, тереңдау-таяздау);</p> <p>0.1.7.4 заттарды тереңдігіне</p>	<p>1.1.7.1 салыстырылып отырған екі терең (таяз) затты танып білу және көрсету;</p> <p>1.1.7.2 заттарды тереңдігіне қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша, өздігінен шартты шараны пайдалану;</p> <p>1.1.7.3 тереңдігі бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (терең-таяз, тереңдау-таяздау);</p> <p>1.1.7.4 заттарды тереңдігіне қарай (терең-таяз) топтарға бөлу</p>

	қарай (терең-таяз) топтарға бөлу (жіктеу); 0.1.7.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде нысанның және заттардың тереңдігін есепке алу	(жіктеу); 1.1.7.5 ойын, тұрмыстық, заттық әрекеттерде нысанның және заттардың тереңдігін есепке алу
1.8 Заттардың ауырлығын білдіретін ұғымдар	0.1.8.1 мұғалімнің көмегімен, өздігінен затты «қолмен» ұстап көру арқылы ауыр немесе жеңіл екендігін анықтау; 0.1.8.2 ауырлығы бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (ауыр-жеңіл, ауырлау-жеңілдеу); 0.1.8.3 заттарды ауырлығына қарай (ауыр-жеңіл) топтарға бөлу (жіктеу); 0.1.8.4 заттарды ауырлығы бойынша саралау (реттеу)	1.1.8.1 мұғалімнің көмегімен, өздігінен затты «қолмен» ұстап көру арқылы ауыр немесе жеңіл екендігін анықтау; 1.1.8.2 ауырлығы бойынша салыстыру кезінде әрбір 2-3 заттың қасиетін атау (ауыр-жеңіл, ауырлау-жеңілдеу); 1.1.8.3 заттарды ауырлығына қарай (ауыр-жеңіл) топтарға бөлу (жіктеу); 1.1.8.4 заттарды ауырлығы бойынша саралау (реттеу)
1.9 Сандық ұғымдар	0.1.9.1 көптеген, сұйық және сусымалы заттарды (су, құм, жарма) салыстыру жағдайында (көп-аз, бірнеше, бірде-бір, сонша, тең, тең емес, көп, кем) тани білу; 0.1.9.2 санына қарай (мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, ауызша нұсқау бойынша, өздігінен) екі топтағы заттарды салыстыруда жұптау тәсілін қолдану; 0.1.9.3 мұғалімге еліктеуі бойынша, үлгі бойынша, өздігінен сұйық және сусымалы заттардың санына қарай көбейту және азайту; 0.1.9.4 салыстырылатын 2-3 жиындардың, сұйық және сусымалы заттардың санын атау (көп-аз, көптеу – аздау, бірнеше, бірде-бір, көп, тең, тең емес, көп, кем) тани білу;	1.1.9.1 көптеген, сұйық және сусымалы заттарды (су, құм, жарма) салыстыру жағдайында (көп-аз, бірнеше, бірде-бір, сонша, тең, тең емес, көп, кем) тани білу; 1.1.9.2 санына қарай (мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, ауызша нұсқау бойынша, өздігінен) екі топтағы заттарды салыстыруда жұптау тәсілін қолдану; 1.1.9.3 мұғалімге еліктеуі бойынша, үлгі бойынша, өздігінен сұйық және сусымалы заттардың санына қарай көбейту және азайту; 1.1.9.4 салыстырылатын 2-3 жиындардың, сұйық және сусымалы заттардың санын атау (көп-аз, көптеу – аздау, бірнеше, бірде-бір, көп, тең, тең емес);

	тең емес); 0.1.9.5 саны бойынша заттардың екі тобын теңестіру кезінде жетіспейтін затты қосу және артық затты алып тастау тәсілдерін пайдалану	1.1.9.5 саны бойынша заттардың екі тобын теңестіру кезінде жетіспейтін затты қосу және артық затты алып тастау тәсілдерін пайдалану
1.10 Кеңістіктік ұғымдар	0.1.10.1 мұғалімге еліктеуі бойынша өз денесінің бөліктерін бағдарлай алу: жоғарғы жағында – бас, мойын, кеуде; төменгі жағында – аяғы; алдыңғы жағында – бет, кеуде, іш; арт жағында – бекітпе, арқа; оң қолы – сол қолы, аяғы, көзі, құлағы, беті; 0.1.10.2 мұғалімнің көрсетуі бойынша заттарды өзіне қатысты жылжыту: алыс-жақын, жанында, жақында, анда, мұнда мұғалімнің көрсеткіші бойынша; 0.1.10.3 мұғалімге еліктеу арқылы, ауызша айтылған нұсқаулықпен көрсетілген бағытта қозғалу: алдыға-артқа, оңға-солға, шетке; 0.1.10.4 мұғалімге еліктеу арқылы, ауызша айтылған нұсқаулықпен заттардың орынын басқа заттың қатынасына қарай көрсету: «жоғары-төмен, жанында, айналасында, үстінде, ішінде, артында, алдында, астында, қарама-қарсы, арасында, ортасында»; 0.1.10.5 өз денесінің бөліктерінің орналасу жерін атау: жоғарыда-бас, мойын, кеуде; төменде-аяқтар; алдыңғы жағында – бет, кеуде, іш; артқы жағында –	1.1.10.1 мұғалімге еліктеуі бойынша өз денесінің бөліктерін бағдарлай алу: жоғарғы жағында – бас, мойын, кеуде; төменгі жағында – аяғы; алдыңғы жағында – бет, кеуде, іш; арт жағында – бекітпе, арқа; оң қолы – сол қолы, аяғы, көзі, құлағы, беті; 1.1.10.2 мұғалімнің көрсетуі бойынша заттарды өзіне қатысты жылжыту: алыс-жақын, жанында, жақында, анда, мұнда мұғалімнің көрсеткіші бойынша; 1.1.10.3 мұғалімге еліктеу арқылы, ауызша айтылған нұсқаулықпен көрсетілген бағытта қозғалу: алдыға-артқа, оңға-солға, шетке; 1.1.10.4 мұғалімге еліктеу арқылы, ауызша айтылған нұсқаулықпен заттардың орынын басқа заттың қатынасына қарай көрсету: «жоғары-төмен, жанында, айналасында, үстінде, ішінде, артында, алдында, астында, қарама-қарсы, арасында, ортасында»; 1.1.10.5 өз денесінің бөліктерінің орналасу жерін атау: жоғарыда-бас, мойын, кеуде; төменде-аяқтар; алдыңғы жағында – бет, кеуде, іш; артқы жағында – ұштама, арқа; оң – сол қол, аяқ, көз, құлақ, жақ;

	<p>ұштама, арқа; оң – сол қол, аяқ, көз, құлақ, жақ;</p> <p>0.1.10.6 нұсқаулық бойынша кеңістіктегі заттарды өзіне қатысты жылжыту: алыс, жақын, жанында, жақында, анда, мұнда;</p> <p>0.1.10.7 ауызша айтылған нұсқаулық бойынша заттардың орнын ауыстыру: «жоғары-төмен, жанына, айналасына, ішіне, үстіне, артына, алдына, арасына, астына, қарама-қарсы, ортасына қою»;</p> <p>0.1.10.8 өзіне қатысты затты кеңістікте орналасуын атау: алыс, жақын, жанында, жақында, анда, мұнда;</p> <p>0.1.10.9 кеңістікте заттардың қозғалыс бағытын атау: алға-артқа, оңға-солға, шетіне;</p> <p>0.1.10.10 заттың басқа заттарға қатысты орналасқан жерін атау: «жоғары-төмен, жанына, айналасына, ішіне, үстіне, артына, алдына, арасына, астына, қарама-қарсы, ортасында»</p>	<p>1.1.10.6 нұсқаулық бойынша кеңістіктегі заттарды өзіне қатысты жылжыту: алыс, жақын, жанында, жақында, анда, мұнда;</p> <p>1.1.10.7 ауызша айтылған нұсқаулық бойынша заттардың орнын ауыстыру: «жоғары-төмен, жанына, айналасына, ішіне, үстіне, артына, алдына, арасына, астына, қарама-қарсы, ортасына қою»;</p> <p>1.1.10.8 өзіне қатысты затты кеңістікте орналасуын атау: алыс, жақын, жанында, жақында, анда, мұнда;</p> <p>1.1.10.9 кеңістікте заттардың қозғалыс бағытын атау: алға-артқа, оңға-солға, шетіне;</p> <p>1.1.10.10 заттың басқа заттарға қатысты орналасқан жерін атау: «жоғары-төмен, жанына, айналасына, ішіне, үстіне, артына, алдына, арасына, астына, қарама-қарсы, ортасында»;</p> <p>1.1.10.11 басқа адамның денесінің бөлшектерінің орналасу орнын анықтау және бағдарлай алу;</p> <p>1.1.10.12 заттың басқа заттарға қатысты орналасқан жерін атау: «жоғары-төмен, жанына, айналасына, ішіне, үстіне, артына, алдына, арасына, астына, қарама-қарсы, ортасында»;</p> <p>1.1.10.13 қағаз бетіндегі заттың жақықтық түріндегі суретін тану және орналасу жерін көрсету: «ортасында, орта жағында, үстінде, астында, оң жағында, сол жағында, арасында»</p>
--	---	--

<p>1.11 Реттілікті сақтау қатынасы</p>	<p>0.1.11.1 заттарды (олардың модельдерін, бейнелерін) еліктеу бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқаулық бойынша реттілікпен орналастыру; 0.1.11.2 басқа заттардың ретіне қатысты заттың орнын (бірінші, соңғы, кейінгі, алдындағы, арасындағы) сипаттайтын сөздерді түсіне отырып, табу; 0.1.11.3 басқа заттардың ретіне қатысты заттың орнын (бірінші, соңғы, кейінгі, алдындағы, арасындағы) сипаттайтын сөздерді түсіне отырып, атау</p>	<p>1.1.11.1 заттарды (олардың модельдерін, бейнелерін) еліктеу бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқаулық бойынша реттілікпен орналастыру; 1.1.11.2 басқа заттардың ретіне қатысты заттың орнын (бірінші, соңғы, кейінгі, алдындағы, арасындағы) сипаттайтын сөздерді түсіне отырып, табу; 1.1.11.3 басқа заттардың ретіне қатысты заттың орнын (бірінші, соңғы, кейінгі, алдындағы, арасындағы) сипаттайтын сөздерді түсіне отырып, атау</p>
<p>1.12 Уақытты білдіретін ұғымдар</p>	<p>0.1.12.1 өз өмірінің жарқын оқиғаларын «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдармен сәйкестендіру; 0.1.12.2 өз өміріндегі оқиғаларды тәуілікті білдіретін: таң, күн, кеш, түн сөздермен сәйкестендіру; 0.1.12.3 шартты көрнекілік құралдарының көмегімен («Тәулік үйі») тәуліктің алдыңғы және кейінгі түрін көрсету және атау; 0.1.12.4 тәуілік атауларын ретімен атау; 0.1.12.5 тәуіліктің алдыңғы және кейінгі атауларын атау</p>	<p>1.1.12.1 өз өмірінің жарқын оқиғаларын «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдармен сәйкестендіру; 1.1.12.2 өз өміріндегі оқиғаларды тәуілікті білдіретін: таң, күн, кеш, түн сөздермен сәйкестендіру; 1.1.12.3 шартты көрнекілік құралдарының көмегімен («Тәулік үйі») тәуліктің алдыңғы және кейінгі түрін көрсету және атау; 0.1.12.4 тәуілік атауларын ретімен атау; 1.1.12.4 тәуіліктің алдыңғы және кейінгі атауларын атау; 1.1.12.5 тәуіліктің алдыңғы және кейінгі атауларын атау; 1.1.12.6 адамның жасына қарай үлкені мен кішісін ажырата алу; 1.1.12.7 тез және жай қимылдайтын нысандарды анықтау, көрсету; 1.1.12.8 «ертең, бүгін, кеше,</p>

		<p>бүрсігүні, ерте, кеш, кешікті, бұрын, жақында, алдымен, кейін» ұғымдарын жеке өмір оқиғаларымен және жақын ортадағы адамдардың қызметімен байланыстыру;</p> <p>1.1.12.9 жылдам және жай қимылдарды орындау;</p> <p>1.1.12.10 ойыншықтардың, заттардың түрлі қозғалу жылдамдығын модельдеу;</p> <p>1.1.12.11 белсенді сөйлеу барысында уақытты білдіретін ұғымдарды қолдану: кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні, таңертең, кешке, күн, түн</p>
1.13 Заттың пішінін білдіретін ұғымдар	<p>0.1.13.1 заттар мен ойыншықтардың арасынан шарлар мен кубтарды үлгі бойынша, атауы бойынша табу;</p> <p>0.1.13.2 үлгі бойынша, атауына қарай геометриялық пішіндер модельдері арасынан шеңбер, шаршы, үшбұрышты табу;</p> <p>0.1.13.3 мұғалімнің көмегімен, өз бетімен шеңбер, шаршы, үшбұрыш шаблонын бастырып сызып шағу;</p> <p>0.1.13.4 мұғалімнің көмегімен, өз бетімен алынған фигураны штрихтап сызу;</p> <p>0.1.13.5 үлгі бойынша, атауына қарай геометриялық пішіндер модельдері арасынан шеңбер, шаршы, үшбұрышты аты бойынша табу;</p> <p>0.1.13.6 куб, шар, шаршы, шеңбер, үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді атап беру;</p>	<p>1.1.13.1 заттар мен ойыншықтардың арасынан шарлар мен кубтарды үлгі бойынша, атауы бойынша табу;</p> <p>1.1.13.2 үлгі бойынша, атауына қарай геометриялық пішіндер модельдері арасынан дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрышты табу;</p> <p>1.1.13.3 мұғалімнің көмегімен, өз бетімен шеңбер, сопақ, шаршының шаблонын бастырып сызып шағу;</p> <p>1.1.13.4 мұғалімнің көмегімен, өз бетімен алынған фигураны штрихтап сызу;</p> <p>1.1.13.5 куб, шар, брус, шаршы, шеңбер, үшбұрыш, тіктөртбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді атап беру;</p> <p>1.1.13.6 қоршаған кеңістікте шар, текше, брус, шеңбер, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш тәрізді заттарды табу;</p> <p>1.1.13.7 шар мен шеңберді,</p>

	<p>0.1.13.7 қоршаған кеңістікте шар, текше, шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішінді заттарды табу;</p> <p>0.1.13.8 шар мен шеңберді, текше мен шаршыны ажырата алу;</p> <p>0.1.13.9 аппликациядағы шеңбер, шаршы, үшбұрыш геометриялық пішіндерді тану</p>	<p>текше мен шаршыны, брус пен тіктөртбұрышты ажырату;</p> <p>1.1.13.8 аппликациядағы шеңбер, сопақ, шаршы, үшбұрыш геометриялық пішіндерді тану</p>
--	---	--

2) «Нөмірлеу» бөлімі:
2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	1 - сынып	2 - сынып	3 – сынып	4 - сынып
2.1 Нөмірлеу	<p>1.2.1.1 тура және кері тәртіпте 1ден бастап 5 ке дейінгі аралықта, сондай-ақ кез келген сандардар аралығында (реттік және сандық) атап беру;</p> <p>1.2.1.2 санақты пайдалана отырып сандық пішінде, суретте (5 аралығында) топтастыры лудан заттардың</p>	<p>2.2.1.1 тура және кері тәртіпте 1ден бастап 10 ға дейінгі аралықта, сондай-ақ кез келген сандар аралығында (реттік және сандық) атап беру;</p> <p>2.2.1.2 топтағы заттардың санын (10 шегінде), суретте, сандық пішінде шотты пайдалана отырып анықтау. «Қанша?» деген сұраққа жауап беру;</p> <p>2.2.1.3 сандық</p>	<p>3.2.1.1 тура және кері тәртіпте 1ден бастап 20 ға дейінгі аралықта, сондай-ақ кез келген сандардар аралығында (реттік және сандық) атап беру;</p> <p>3.2.1.2 топтағы заттардың санын (20 шегінде), суретте, сандық пішінде шотты пайдалана отырып анықтау. «Қанша?» деген сұраққа жауап беру;</p> <p>3.2.1.3 үлгі</p>	<p>4.2.1.1 дөңгелектенген ондықты алу, атау, жазу;</p> <p>4.2.1.2 дөңгелектенген ондықты тура және кері атау;</p> <p>4.2.1.3 100 шамасындағы толық сандарды алу, атау және жазу;</p> <p>4.2.1.4 1-ден 100-ге дейін тура және кері тәртіппен санау;</p> <p>4.2.1.5 сандардың натуралды қатарындағы</p>

	<p>санын анықтау. «Қанша?» деген сұраққа жауап беру; 1.2.1.3 үлгі бойынша, атауына қарай сандар кассасынан 1-5 аралығындағы сандарын табу; 1.2.1.4 заттар санының саусақтар санымен, 1-5 аралығындағы сандар мен цифрларды сәйкестендіру; 1.2.1.5 бірінші бестіктің санақтағы әр бір санның орнын (анықтау) білу; 1.2.1.6 бес саны аралығындағы кез келген</p>	<p>кассадағы 0,1-9 сандары мен 10 санын үлгі бойынша, атауы бойынша іздеп табу; 2.2.1.4 заттар санының саусақтар санымен, 0, 1-9 аралығындағы сандарды, сондай - ақ 10 санын жазып, сәйкестендіру; 2.2.1.5 бөліп қоюдың түрлі нұсқаларын қолдана отырып, көптік заттарды (2-10) екі топқа бөлу, сандық қатардағы бірінші ондықтың әрбір сандардың орнын білу; 2.2.1.6 бірінші ондықтың кез келгенін +1 және – 1 әдістерімен алу (көптік заттарға сүйене отырып және оған сүйенбей); 2.2.1.7 0,1-9 және 10 санын жазу;</p>	<p>бойынша, атауы бойынша 11-20 сандарын кестеде (сандық қатарда) табу; 3.2.1.4 көрсетілетін дидактикалық құралдардың ішінен ондықты тану; 3.2.1.5 көрсетілетін дидактикалық құралдардың ішінде ондықты және он бірліктерін ажырата алу; 3.2.1.6 шартты көрнекілік құралдарын пайдалана отырып, ондықты он бірлікке ауыстыру; 3.2.1.7 11-19 сандарын үш тәсілмен алу (онға бірнеше бірлік қосу, алдыңғы санға 1 қосу, келесі саннан бірлікті алу); 3.2.1.8 ондық пен бірлікті екітаңбалы сандарды құрау. Ондықтар мен бірліктерге екі</p>	<p>100 санының орнын анықтау; 4.2.1.6 100 шамасындағы натурал сандар қатарының қасиетін түсіну және пайдалану; 4.2.1.7 100 шамасындағы сандарды салыстыру; 4.2.1.8 сандарды тікелей және кері тәртіпте 2-ден 20-ға дейін, 3-тен 30-ға дейін, 4-ден 40-қа дейін, 5-тен 50-ге дейін, 6-дан 60-қа дейін, 7-ден 70-ке дейін, 8-ден 80-ге дейін, 9-дан 90-ға дейін атау; 4.2.1.9 заттар тобын тең бөліктерге бөлуді көрсету; 4.2.1.10 жұп/тақ санды ажырату, бір таңбалы және екі</p>
--	--	---	---	--

